

Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі (зерттеу 2025 жылдың қазан-қараша айларында жүргізілді)

Жариялау күні: 26.01.2026
Келесі жариялау күні: 17.07.2026

1. Негізгі ойлар
2. Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейінің динамикасы
3. ҚР БП ҚСЖАЕК әкімшілік деректері
4. Глоссарий
5. Әдістемелік түсініктемелер
6. Байланысты жарияланымдарға сілтеме
7. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

«Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі» іріктемелі зерттеуі 2025 жылдың қазан-қараша айларында республиканың барлық өңірлерінде, қалалық және ауылдық жерлерде жүргізілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша прокуратураға сенетін адамдардың үлесі 66,2% құрады, ішінара сенетіндер – 26,4%, сенбейтін сияқты адамдар – 2,4%, сенбейтіндер – 1,8%. Жауап беруге қиналғандар үлесі 3,2% құрады.

Полиция органдарына сенетіндер үлесі 65,3% құрады, ішінара сенетіндер – 27,7%, керісінше сенбейтіндер – 3,2%, сенбейтіндер – 2,3%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 1,5% құрады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенетін респонденттер үлесі 51,2% құрады, ішінара сенетіндер – 31,4%, сенбейтін сияқты адамдар – 5,1%, сенбейтіндер – 2,9%. Жауап беруге қиналған респонденттер үлесі 9,4% құрады.

Экономикалық тергеу қызметіне сенетіндер үлесі 47,2% құрады, ішінара сенетіндер – 31%, сенбейтін сияқты адамдар – 6,2%, сенбейтіндер – 2,7%. Жауап беруге қыйналғандар үлесі 13% құрады.

Сот жүйесіне сенетіндер үлесін 63,2% құрады, ішінара сенетіндер – 28,7%, сенбейтін сияқты адамдар – 2,3%, сенбейтіндер – 1,6%. Жауап беруге қиналғандар үлесі 4,3% құрады.

Өртке қарсы қызметіне сенетіндер үлесі 81,8% құрады, ішінара сенетіндер – 15,5%, сенбейтін сияқты адамдар – 0,6%, сенбейтіндер – 0,3%. Жауап беруге қиналған респонденттер үлесі 1,9% құрады.

Құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі

пайызбен



Зерттеу нәтижелері бойынша 64,9% сұралғандардың өздері тұратын ауданда өзін толық қауіпсіз сезінеді, 27,6% жеткілікті қауіпсіз, 5,7% қауіпсіз емес, 1,1% мүлдем қауіпсіз емес және 0,7% жауап беруге қиналды.


Респонденттердің жауаптарына сәйкес қауіпсіздіктің негізгі себептері жеткіліксіз жарықтанды – 25,8%, денсаулық жағдайы – 19,9% және жалғыз шығудан қорқу – 20,8%,

Электрондық кестелер:


1. Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі (2025 жылғы қазан-қараша)

2. Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейінің динамикасы

пайызбен



пайызбен



Динамикалық кесте:

1. Прокуратура органдарына респонденттердің сенімділік дәрежесі
2. Полиция органдарына респонденттердің сенімділік дәрежесі
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтердің сенімділік дәрежесі
4. Экономикалық тергеу қызметіне респонденттердің сенімділік дәрежесі
5. 2013-2022 жылдары тіркелген қылмыстардың динамикасы
6. 2022 жылғы тіркелген қылмыстар саны
7. Өңірлердің сенім деңгейі
8. Өзі тұратын ауданда тәуліктің күндізгі бөлігінде жалғыз көшедегі өз қауіпсіздігін қабылдау
9. Сенбеу себептері

3. ҚР БП ҚСЖАЕК әкімшілік деректер

Өңірлер бөлінісінде 2025 жылы қылмыстардың ең көбі Алматы қаласы (22150 жағдай), Астана қаласы (16045 жағдай) және Алматы облысы (8746 жағдай) тіркелген.

4. Глоссарий

ҚР БП ҚСЖАЕК - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті.

Құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган.

Қылмыс – Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасында айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік).

5. Әдістемелік түсініктемелер

Осы жарияланымда «Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі» іріктелі зерттеуінің нәтижелері келтірілген.

Зерттеуге іріктелі әдіспен іріктелген 18005 үй шаруашылығы немесе республикадағы үй шаруашылықтарының жалпы санының 0,35%-ы қатысты. Іріктелі зерттеу жүргізу кезінде 15-80 жас аралығындағы үй шаруашылығының бір мүшесі сұралды.

Тексерудің мақсаты-халықтың құқық қорғау органдарына деген сенім деңгейі туралы, өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыс деңгейін субъективті бағалау туралы репрезентативтік деректер алу, сондай-ақ құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер алу.

Тексеру халыққа сауал қою және мәліметтерді статистикалық нысанға жазу арқылы жүзеге асырылады. Сауалнама арнайы дайындалған интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы арқылы сұхбат жүргізу әдісімен жүзеге асырылады.

Зерттеудің статистикалық нысаны келесі бөлімдерден тұрады:

- респондент туралы мәліметтер;

- өз қауіпсіздігін қабылдау және құқық қорғау органдарына сенім дәрежесі;

Зерттеу көрсеткіштері барлық халыққа таратылып келтірілді.

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосылғыштар сомасы арасындағы елеусіз алшақтықтар деректерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

6. Байланысты жарияланымдарға сілтемелер

ҚР БП ҚСЖАЕК ресми сайты - qamqor.gov.kz

7. Пайдалы сілтемелер

Статистика бойынша әдіснамалық ережелер

«Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейіне іріктелі зерттеу жүргізу бойынша әдістеме»

УДН нысан «Халықтың құқық қорғау органдарына с және сот жүйесіне сенімділік деңгейі»

Құқық бұзушылық статистикасы, Сапа туралы есеп, 2023 жыл

Ақпараттық-аналитикалық жүйе «Талдау»

| | | | |
|--|---|--|---|
| Шығарылымға жауапты: Халық статистикасы департамент | Департамент директорының м.а.: Б. Өтеулина Тел. +7 7172 749501 | Орындаушы: Г.Сағат Тел. +7 7172 749258 E-mail: gl.sagat@aspire.gov.kz | Мекенжай: 010000, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс |
|--|---|--|---|